

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
18.03.2020 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 18.03.2020 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Әріптестік туралы негіздемелік келісімді (2014 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасын экономикалық әртараптандыру және оның орнықты дамуына, жалпы өсуіне жәрдемдесу мақсатында ынтымақтастықты күшейту жөніндегі әріптестік туралы негіздемелік келісімге түзетулер мен толықтырулар) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Руслан Ерболатұлы Дәленов мырзаға беріледі.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға 2019 жылғы 27 тамызда Нұр-Сұлтан қаласында жасалған «Әріптестік туралы негіздемелік келісімді (2014 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Қазақстан Республикасын экономикалық әртараптандыру және оның орнықты дамуына, жалпы өсуіне жәрдемдесу мақсатында ынтымақтастықты күшейту жөніндегі әріптестік туралы негіздемелік келісімге түзетулер мен толықтырулар) ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Келісім мемлекеттік кепілдікпен қарыз алу кезінде Азия Даму Банкінің ережелерін мен талаптарын сақтау бойынша нормаларды белгілейді. Олар – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу, экологиялық және әлеуметтік қорғау шаралары, негізгі еңбек стандарттары, төлемдер, ақпаратты ашу, гендерлік даму бойынша ережелер мен талаптар.

Бұл шарттарды мемлекеттік кепілдікпен алынған қарыздарды қолдану жобалардың қаржыландыру тетіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Келісімге сәйкес ынтымақтастықтың негізгі мақсаттары мен бағыттары: макроэкономикалық орнықтылықты арттыруға;  
инфрақұрылым мен коммуналдық қызметтерді жаңғырту;  
ауыл шаруашылығы секторын дамытуға жәрдемдесу;  
шағын және орта бизнесті қаржыландыруға қолжетімділікті жақсарту;

инфрақұрылымға және денсаулық сақтау мен білім беру сияқты әлеуметтік секторларға инвестицияларды ұлғайту болып табылады.

Азия Даму Банкінің қызметі жұмыс орындарын құру, инновацияларды ынталандыру, әлеуетті ұлғайту, білім мен үздік халықаралық практикаларды енгізу негізінде кең ауқымды қолдау көрсету арқылы экономикалық дамуға өз үлесін қосып отыр.

Келісімді ратификациялау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаражатты талап етпейді.

Қолдауыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлына беріледі.

МАМРАЕВ Б.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Руслан Ерболатұлы! Осы негіздемелік келісімнің нормаларына сәйкес Азия Даму Банкі қаржылық қолдаумен қатар мемлекеттік бағдарламаларға қолдау көрсетуде гранттық негізінде консультациялық және техникалық көмек көрсете алады. Осыған орай менің екі сұрағым бар.

Бірінші сұрақ. Азия Даму Банкі гранттық негізде қандай мемлекеттік бағдарламаларға қолдау көрсетуде?

Екінші сұрақ. Мемлекеттік бағдарламалар бойынша техникалық көмек қалай көрсетіледі? Рақмет.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Сұрақтарыңызға рақмет.

Азия Даму Банкі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде техникалық көмек көрсетеді. Бұл «Нұрлы жол», «Бизнестің Жол картасы», «Цифрлық Қазақстан», агроөнеркәсіпті дамыту бағдарламалары бойынша Азия Даму Банкі даму институты болып табылады. Сондықтан қарыздан бөлек, техникалық көмек көрсетеді.

Жалпы, Азия Даму Банкі 100-ге жуық техникалық көмек жобаларын қаржыландырды. Сомасы – 49 миллион доллар. Бұл техникалық көмек өтеусіз, тегін беріледі. Құжаттарды дайындау, техникалық-экономикалық негіздемелерін дайындау, жобалау-сметалық құжаттамалар, жоспарлар, қоршаған ортаға әсерді бағалау сияқты құжаттарға техникалық көмек беріледі.

Бюджет қаражатын үнемдеу үшін осы құжаттарды дайындауға грантқа сұраныс жасалады, өйткені бұл техникалық көмек өтеусіз беріледі. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Суслов Александр Васильевичке беріледі.

СУСЛОВ А.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Руслан Ерболатович! Как было доложено на расширенном заседании Комитета по финансам и бюджету, одна из основных новелл данного законопроекта – предоставление возможности квазигосударственному сектору привлекать средства Азиатского Банка Развития под государственную гарантию.

Руслан Ерболатович, проработан ли механизм контроля и ответственности квазигосударственного сектора за целевое и эффективное использование займов под государственную гарантию? Спасибо.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Спасибо за вопрос.

Действующим законодательством такие механизмы и виды ответственности предусмотрены, согласно правилам исполнения бюджета и его кассового обслуживания, Министерство финансов проводит на регулярной ежеквартальной основе финансовых показателей мониторинг тех заемщиков, которые привлекли суверенный заем или под гарантию Правительства.

Во-вторых, органы государственного аудита проводят контрольные мероприятия: Счетный комитет – на предмет эффективности, Комитет государственного внутреннего аудита – на предмет целевого использования в данном случае займа, привлеченного под госгарантию. Данные мероприятия включаются в план проверок.

Сам зарубежный финансовый институт также проводит свои мероприятия, денежные средства списываются только после проведения собственного аудита (напротив выполненных актов работ).

Что касается ответственности, то она предусмотрена законодательством. Соответствующие статьи есть в Уголовном кодексе относительно нецелевого использования бюджетного кредита или займов, привлеченных под госгарантию. Если не усматриваются признаки уголовного преследования или рассмотрения, то соответствующие статьи есть в КоАПе относительно нецелевого использования и использования не в соответствии с ФЭО. В данном случае ответственность несет руководитель бюджетной организации либо предприятия квазигосударственного сектора. Спасибо.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Руслан Ерболатұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Смирнова Ирина Владимировнаға беріледі.

СМИРНОВА И.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемые депутаты! Данный законопроект внесен в Мажилис Парламента Республики Казахстан постановлением Правительства от 27 ноября 2019 года.

С 1994 года, когда Казахстан стал членом данной организации, Азиатский Банк Развития оказывает содействие нашей стране. В мае 2014 года подписано Рамочное соглашение о партнерстве между Правительством Республики Казахстан и Азиатским Банком Развития по усилению сотрудничества.

27 августа 2019 года в городе Нур-Султане подписано соглашение о поправках и дополнениях к вышеназванному Рамочному соглашению о партнерстве.

Рамочное соглашение о партнерстве направлено на оказание поддержки со стороны Азиатского Банка Развития Правительству Казахстана в

реализации программ развития, направленных на диверсификацию экономики и повышение конкурентоспособности в государственном секторе.

В соответствии с подпунктом 2) статьи 11 Закона «О международных договорах» данное соглашение подлежит ратификации, так как есть нормы, не предусмотренные законодательными актами Республики Казахстан.

Соглашением устанавливаются нормы по соблюдению заемщиками политики Азиатского Банка Развития при реализации проектов под государственную гарантию. Таким образом, Азиатский Банк Развития принимает меры, чтобы любые займы или гарантии использовались целенаправленно, включая требования по антикоррупции, основным трудовым стандартам, выплатам, раскрытию информации, гендерному развитию, закупкам товаров (работ, услуг), экологические и социальные защитные меры и так далее.

Ратификация данных поправок предоставляет возможность финансирования Азиатским Банком Развития проектов квазигосударственного сектора под государственную гарантию.

Уважаемые коллеги, в ходе рассмотрения законопроекта всеми комитетами Мажилиса Парламента представлены положительные заключения. Поправок от депутатов не поступило.

Текст законопроекта приведен в соответствие с правилами юридической техники и нормами литературного языка.

На основании изложенного Комитет по финансам и бюджету считает возможным рекомендовать Мажилису Парламента Республики Казахстан одобрить рассматриваемый проект Закона «О ратификации Рамочного соглашения о партнерстве (поправки и дополнения к Рамочному соглашению о партнерстве между Правительством Республики Казахстан и Азиатским Банком Развития по усилению сотрудничества в целях экономической диверсификации, устойчивому развитию и всеобъемлющему росту Республики Казахстан, от 4 мая 2014 года)». Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Ирина Владимировна.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ахметов Сапар Қайратұлына беріледі.

АХМЕТОВ С.Қ. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Мен осы заң жобасын қолдаймын.

Әріптестік туралы осы негіздемелік келісім, айтып өтілгендей, экономиканың шешуші секторларындағы даму бағдарламаларын іске асыруда және бәсекеге қабілеттілікті арттыруда Азия Даму Банкінің Қазақстан Республикасына жәрдем көрсетуіне бағытталған.

Жасалған келісім шеңберінде 2014 жылдан бастап көріп отырғанымыздай, автомобиль саласында белгілі бір жұмыстар жүргізілді.

Бүгінгі таңда, қолданыстағы негіздемелік келісімге түзетулер мен толықтыруларды қабылдау шеңберінде бірқатар мемлекеттік

бағдарламаларға, сондай-ақ жеке секторды дамытуға Азия Даму Банкінің үлесін ұлғайту көзделіп отыр.

Сондықтан қосымша келісім Қазақстан мен Азия Даму Банкі ынтымақтастығының бірқатар міндеттерді шешудегі пайдасын ғана көрсетеді.

Ең алдымен, жұмыс орындарын ашу, инновацияларды ынталандыру және әлеуетті дамыту үшін ынтымақтастық аса қажет.

Қазақстан мен Азия Даму Банкінің өзара іс-қимыл жасауы және жолға қойылған жұмысты қалыптастыру Қазақстан аумағында жобаларды ілгерілетудің тиімді жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді деп ойлаймын, бұл экономиканың дамуына жәрдемдесетін болады.

Қазір біз заң жобасының қабылдануын қолдаймыз, бірақ, сонымен бірге Үкімет қарыз қаражатының тиімді жұмсалуын бақылауды күшейтуі қажет. Қазіргі қалыптасқан экономикалық жағдайларда қарызды аса қажет болған кезде және жан-жақты сараптаудың негізінде ғана алу керек деп ойлаймын. Назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Сонымен, құрметті әріптестер, бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы бар сіздерде, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дүртіс: Құжатталармен қамтамасыз ету  
бөлімінің сектор меңгерушісі  
Майя Н. Шайтантаева.*